- Бұл киім үтіктеуге арналған тұрмыстық электрлік тігінен ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғы осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес тек қана үйде, тұрмыстық мақсатта пайдаланылуы тиіс. Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғыны өнеркәсіптік және коммерциялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады.
- Өндіруші құрылғыны дұрыс қолданбау немесе бұл пайдалану жөніндегі нұсқаулықта қарастырылмаған қолдану нәтижесінде пайда болған зақым үшін немесе дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапкершілік тартпайды.
- Бұл киім үтіктеуге арналған тұрмыстық электрлік үтіктегіш құрылғы кез келген мата түрін, киімдегі бүрмелерді үтіктеуге арналған. Құрылғыны белгілі бір матаның түріне немесе киімге қолдануға күмәндансаңыз, киімнің ішкі жағында орналасқан затбелгісіне назар аударыңыз. Онда затты қалай күту керектігі жайлы барлық мәліметтер жазылған, оның затбелгісіндегі жазба белгілерді басшылыққа алыңыз. Егер киімдегі затбелгісінде бұндай ақпарат болмаса, бұйымның

материалы, яғни үтіктейтін матаның түрі белгісіз болса, сонымен бұйымның құрамын білмесеңіз, онда матаның шеткі бөлігін теріс жағынан үтіктеп тексеріп көріңіз.


- Жібек, вельвет және барқыт секілді маталарды жібітіп үтіктеу барысында үтіктегіш құрылғыны үтіктейтін бұйымдан белгілі бір қашықтықта ұста

Құрылғының жиынтықтылығы



- | | | |
|----|---------------------------------------------------------------------|---------|
| 1. | Құрылғы | 1 дана. |
| 2. | Құрылғының бөлшектері мен керек-жарақтары: | |
| - | қолғап | 1 дана. |
| - | киімдегі жаға мен жеңдерін (манжеттерді) үтіктеуге арналған тақтасы | 1 дана. |
| 3. | Пайдалану жөніндегі нұсқаулық | 1 дана. |
| 4. | Кепілдік талоны | 1 дана. |

Құрылғының сипаттамасы




1. Субүріккіш
2. Субүріккіштің басқару панелі
3. Киім үтіктеуге арналған тақтасы
4. Бу түтігі
5. Телескоптық тіреуі
6. Құрылғының корпусы
7. Құрылғының корпусындағы басқару панелі
8. Құрылғының электр желілік баусымның айыры
9. Құрылғының тұғырығы
10. Суды ағызуда арналған саңылаудың тығыны
11. Құрылғының телескоптық тіреуін бұғаттауға арналған бұғаттауыш батырмасы
12. Суға арналған резервуары
13. Құрылғының телескоптық тіреуін бекітуге арналған бекіткіші
14. Құрылғының тұтқасы
15. Киім ілуге арналған иық-ілгіші
16. Субүріккішті ілуге арналған ұстағышы

Құрылғыны іске қоспас бұрын пайдалануға дайындау


- Құрылғының қаптама қорабын ашыңыз, құрылғыны абайлап шығарып алыңыз, және оның сыртынан және ішінен, сондай-ақ оның барлық бөлшектерінен орама материалдарын алып тастаңыз.
- Құрылғыны электр желіге қоспас бұрын, бұл құрылғының техникалық сипаттамаларында көрсетілген кернеудің параметрлері Сіздің үйіңіздегі электрлік желісінде қолданылатын кернеуіне, яғни электрлік желінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғының корпусын сәл ғана дымқыл матамен сүртіңіз, содан кейін оны құрғақ мата сулықпен әбден құрғатып сүртіп шығыңыз.
- Бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғыны алғашқы рет пайдаланудың алдында, оның жұмыстық қабаттың жеткілікті түрде таза екендігіне көз жеткізу үшін, алдымен керек емес матаның шеткі бөлігін бұл құрылғы арқылы бумен жібітіп үтіктеңіз, бұл құрылғының жұмыс бетінің таза екендігін куәландыруға қажет.

Тік күйінде бумен жібітіп булап үтіктейтін вертикаль үтіктегіш құрылғыны құрастырып жинау

1. Бекіткіштің саңылауына құрылғының телескоптық тіреуін орнатыңыз, телескоптық тіреуі тік қалпында толығымен жақсылап бекітілгенше, яғни оның шертпек секілді сарт еткен дыбыс естілмейінше, оны итеріңіз.




2. Тіреудің биіктігін реттеңіз, ол үшін тіреудегі бекітпелік қапсырмаларын сәл ғана босаңсыту қажет, содан кейін бұл бекітпелік қапсырмаларын тіреудің әрбір бөлігін бекіту үшін белгілі бір қажетті ұзындыққа біркелкі етіп орналастырыңыз. Тіреудің әрбір бөлігін бекіту үшін оның бекітпелік қапсырмаларын басып жабыңыз.






3. Иық-ілгішті құрылғының телескоптық тіреуіне орнатыңыз, содан кейін субүріккішті оның ұстағышына орнатыңыз:

- иық-ілгіштің ортасындағы субүріккіш шүмегінің ұстағышы киім үтіктеу тақтасы (матаның өң жағымен) орналасқан жазықтықта болуы керек;
- суретте көрсетілгендей, иық-ілгішке киім үтіктеу тақтаны оның шертпек секілді сарт еткен дыбыс естілмейінше, яғни ол толығымен бекітілгенше, оны қондырып орнатыңыз.
- киім үтіктеу тақтасының төменгі жағындағы екі жалғауыш түтікті телескоптық штангісінің үстіңгі ұшымен туралаңыз, содан кейін тақтаны қондырып салыңыз да, оны төмен қарай дәл астыңғы жағына дейін басып итеріңіз, содан соң тақтаны бүйір жақтағы бекіткішпен бекітіңіз.



4. Ұстағышта «үтік» қондырмасын қажетті қалпында орнатып қойыңыз:

- құрылғыда киім үтіктеуге арналған тақтасын көлденең, тік және көлбеу күйінде 30° немесе 60° еңкею градус бұрышпен орнатып пайдалануға болады;
- киім үтіктеу тақтасының екі жағынан оның екі тұтқасын тартыңыз да, оларды жылжытыңыз, киім үтіктеу тақтасын көлденең, тік немесе көлбеу күйінде орнатып қоятындай етіп, өзіңізге қажетінше бұраңыз, содан кейін үтіктеу тақтаны құрылғыда бекітіп, оны орнатылған күйінде ұстап қалатын тұтқаларын төмен түсіріңіз.



Ескертпе: құрылғыдағы бу шүмегінің түсіп кетуіне жол бермеу үшін, сондай-ақ құрылғының корпусына зақым келтірмеу үшін, сонымен қатар бу шүмегінің зақымдалуын болдырмау үшін құрылғыдағы бу түтігін субүріккіш шүмегінің ұстағышына ілмеңіз.

5. Құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтыру:

- құрылғыдан оның суға арналған резервуарын ажыратып алмас бұрын, бұл бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғы электр желісінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

Ескертпе: Құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтыру үшін ыстық суды қолданбаңыз. Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғының қызмет ету мерзімін арттыру мақсатында қайнаған немесе біз $\frac{1}{2}$ құбырлық және $\frac{1}{2}$ тазартылған (минералсыздандырылған) судың қоспасын пайдалануды, немесе бұл аспабында тек қана жұмсартқыш картриджі бар сүзгі арқылы сүзгіленген құбырлық суды пайдалануды ұсынамыз.

- құрылғыны іске қоспас бұрын, оның суға арналған резервуарын сумен толтыру керек.


Құрылғыдан оның суға арналған резервуарын ажыратып алу үшін, оны тұтқасынан ұстап, жоғары қарай тартыңыз.

- құрылғының суға арналған резервуарын төңкеріп қойыңыз да, оның қақпағын бұрап ашыңыз;

- құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтырыңыз және оның қақпағын жақсылап тығыздап жабыңыз.

- құрылғының суға арналған резервуарын өз орнына орнатыңыз.

Ескертпе: Құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтырған кезде, оны судың максималды рұқсат етілген деңгейінен, яғни оның максималды белгісі бар межесі сызығынан асыра толтырмаңыз.




Құрылғыны пайдалану


- Құрылғыны пайдаланбас бұрын, бұмен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіштің негізін орнатуға және құралды пайдалану барысында оның еденде жылжуына кедергі болатын барлық заттарды еденнен алып тастау қажет (бұмен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғы тік күйінде ғана еденнің тегіс көлденең бетте орнатылып тұруы қажет және жұмыс істеу керек).
- Қажет болса құрылғыда телескоптық тіреудің биіктігін реттеп алыңыз. Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде оның бу түтігі ілмектермен майыспауы тиіс. Телескоптық тіреудің биіктігін реттеу барысында, оның бу түтігі ілмектермен бүгілмейтіндей және майысып қалмайтындай етіп реттеңіз (құрылғының бу түтігі ілмектердің салдарынан майыстырылып не бүгіліп қалмайтындай орналасуы керек, пайдаланушы осы жайтты қатан ескеруі керек).
- Таза киімді иық-ілгішке іліңіз.
- Құрылғының электр желілік баусымның айырын ашалы розеткаға жалғастырып қосыңыз – құрылғының дыбыстық сигналы естіледі.
- Құрылғының корпусындағы басқару панелін іске қосу "ON-OFF" батырмасын басыңыз – "нейлон" индикаторы жанады.
- "MODE" батырмасын қолдана отырып, оның көмегімен құрылғының жұмыс режимін киімнің мата түріне және оның қалыңдығына сай етіп таңдап алыңыз.




- Субүріккіштің басқару панеліндегі тиісті басқару батырмаларын қолдана отырып, құрылғыны іске қосуға және құрылғының жұмыс режимдерін қашықтан басқаруға болады.



- Егер құрылғыда бу жіберудің қарқындылығын реттеуге арналған ауыстырып-қосқышы ең жоғарғы мах белгісі бар деңгейде тұрса, буды құрылғы 30 секунд уақыт ішінде өндіріп шығарады (яғни бу құрылғыда 30 секундтан ішінде генерацияланады).
- Субүріккіштегі шүмегінің саңылауларынан бу қарқынды түрде шыққанша күте тұрыңыз.
- Субүріккіштің шүмегін тұтқасынан ұстаңыз. Субүріккіштегі шүмегінің буды жіберу саңылаулары (субүріккіштің шүмегінен шығатын бу ағының сізден басқа жаққа бағытталуын қадағалаңыз) Сізден қарама-қарсы жаққа бағытталғанына көз жеткізіңіз. Бумен жібітетін үтіктегіш құрылғы жұмысқа дайын болған кезде буды жіберуге арналған батырмасын басып, бу ағының басқа жаққа қарай бірнеше секунд бойы бағыттаңыз.
- Матаға ұқыпты түрде субүріккіштің шүмегін тигізу арқылы үтіктеуді бастаңыз, үтіктеу барысында жоғарыдан төменге/төменнен жоғарыға қарай вертикальды әрекеттерді орындаңыз. Бу қыртыстарды жібітіп үтіктей отырып, матаның ішкі және сыртқы жағына өтеді. Бос қолыңызбен матаны түзеңіз, алдымен бос қолыңызға алдын ала қолғапты кию қажет, содан кейін матаны жазып түзетіңіз.



- Бу түтігі әркез тік қалпында болатындай бумен жібітіп үтіктеу үдерісін жүргізіңіз.
- Бу шығатын жердің бітеліп қалуының алдын алу үшін, бу түтігінің бүгілмеуін және будың еркін түрде шығуын қамтамасыз ету үшін, үтіктеу барысында құрылғының бу түтігін 45°-тан артығырақ еңкею градус бұрышта майыстыруға болмайды (бұл бу түтігінің майысуын болдырмау үшін және будың еркін түрде шығуы үшін қажет)



- Бу түтігінде жұмыс барысында бүлкілдеген дыбыс естілуі мүмкін. Бұл дыбыс бу конденсациясының қалыпты нәтижесі болып табылады. Егер Сіз бүлкілдеген дауысты бу түтігінен естісеңіз, оны бұдан босату үшін жоғарыға қарай тік қалпында ұстаңыз.

Ескертпе: Құрылғының үздіксіз жұмыс жасау уақыты 30 минутты құрайды. Құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтыру үшін, алдымен құрылғыны сөндіріңіз, ол үшін құрылғыны іске қосу/сөндіру **ON/OFF** батырмасын басыңыз және құрылғының электр желілік баусымын тоқ көзінен ажыратыңыз.

Құрылғының жеткізілім жиынтығына кіретін бөлшектері мен керек-жарақтары

Киімдегі жаға мен жеңдерін (манжеттері бар бөліктерін) үтіктеуге арналған тақтасы



Егер, сіз үтіктейтін киімнің матасы сирек кездесетін болса немесе киімнің бір бөлшегі үтіктеу үшін өте күрделі болса, мысалы жағасы мен қалталары, манжеттері, желбіршектері және түймелері бар қойлектерді ыстық бумен булап үтіктеп алу үшін оған киімдегі жаға мен жең (манжет) бөліктерін үтіктеуге арналған тақтайды пайдаланыңыз, сонымен қатар дайын бұйымның әдібін ішінен, жағасын сыртынан үтіктеу қажет екенін есіңізде сақтаңыз. Сондай-ақ киімдегі түймелердің арасындағы матаны немесе киімнің матасында түрлі әшекейлер тастар бар болса, мұндай бұйымды, яғни бүрмемен, жапсырмамен және т.б. бұйымдармен безендірілген заттарды (киімді, матаны) тақтаның үстіне безендірілген жағымен жайып салыңыз да, оларды ішкі бет жағынан үтік арқылы үтіктеңіз, ал ыстық бумен булап үтіктелетін киімнің/бұйымның ішін сыртқа шығарыңыз да, бұл киімді немесе бұйымды ішкі жағынан ыстық бумен жібітіп булап үтіктеу қажет, киімді иық-ілігішке іліңіз де, ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегішті матаның бойымен жоғарыдан төмен қарай жүргізіңіз. Осылайша сіз үтіктеу барысында керемет нәтижеге қол жеткізе аласыз.

Қолғап:



Киім үтектеу барысында, қолыңызбен киімді түзету үшін сол қолыңызға қолғап кию керек. Киімді үтіктеу кезінде қолғап сіздің қолыңызды қорғайды.

Құралды пайдаланып болғаннан кейінгі кеңестер

- Бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғыны пайдаланып болғаннан кейін оны сөндіріңіз (қуатты ауыстырып қосатын тетігін «OFF» қалпына орнатыңыз, сол кезде оның қоректендіру индикаторы сөнеді) содан кейін құрылғының электр желілік баусымын электр желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғыны пайдаланып болған соң, оның субүріккіштің шүмегін оның ұстағышына іліңіз, осылайша бу түтігін тік қалпында орналастырып бекітіңіз.
- Әр жолы бумен жібітетін үтіктегішті тазалау мен сақтаудың алдында оның суға арналған резервуарынан қалған суды және суды ағызу саңылауы арқылы бойлерден суды ыдыс-аяқ жуатын шұңғылшаға төгіп, ағызып жіберу қажет.

- Бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік құрылғыны, оның суға арналған резервуарының тұтқасынан ұстап, тасымалдауға және оның орнын алмастыруға тыйым салынады.

Суды ағызуды арналған саңылауының тығының пайдалану

Құрылғыдан қалған суды төгіп тастамас бұрын, құрылғыдан оның суға арналған резервуарын ажыратып, шешіп алыңыз және су резервуарындағы суды ағызуды арналған саңылауының тығының алып, құрылғының суға арналған резервуарында қалған суды оның суды ағызатын саңылау арқылы шұңғылшаға төгіп, ағызып жіберу қажет. Содан кейін суды ағызуды арналған саңылауының тығының сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз да, оны өзіңізге қарай тартып шығарыңыз, осылайша Сіз бойлердегі қалған суды оңай түрде суды ағызып жіберетін саңылау арқылы бойлерден де төге аласыз.

Құрылғының суға арналған резервуарынан және бойлерден қалған суды шұңғылшаға толығымен төгіп, ағызып жіберген соң, үтіктегішті кейінгі пайдалану барысында судың төгілмеуі үшін тығынды су резервуарындағы суды ағызуды арналған саңылауына орнатыңыз да, саңылауының тығыны тірелгенше, оны сағат тілінің бағытымен бұраңыз.

Құрылғыны тазарту және оған күтім көрсету

- Құрылғыны бөлшектемес бұрын немесе тазартудың алдында құрылғыны міндетті түрде сөндіріп, электр ток көзінен ажыратыңыз, содан кейін ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғы суығанша, кем дегенде 5 минут күте тұрыңыз.
- Құрылғының сыртқы корпусын, оның бу құбыршегін (бу түтігін) және құрылғының қондырмаларын жұмсақ, сәл ғана ылғал шүберекпен сүрту қажет.
- Құрылғыны және оның бөлшектері мен керек-жарақтарын жылы сумен жуып тазартыңыз және таза сумен шайып шығыңыз, тазарту барысында органикалық еріткіштерді және абразивті заттары бар жуғыш құрылғыларды немесе тазартқыш заттарды пайдалануға тыйым салынады.
- Құрылғыны ең жақсы функционалды формада ұстау үшін тұрақты түрде құрылғыны қақтан тазалаңыз. Қақтан тазалау үдерісінің жиілігі қолданылатын су сапасы мен құрылғының пайдалану жиілігіне байланысты. Құрылғыны қақтан кем дегенде жылына бір рет немесе құрылғыны әр 50 сағат сайын пайдаланғаннан кейін тазартуға кеңес беріледі.

Құрылғыны қақтан тазарту үшін келесідей әрекеттерді орындаңыз:

- Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғыны электр қоректендіру желісінен ажыратыңыз, құралдың толық суығанына көз жеткізіңіз. Құрылғының телескоптық тіреуін жинаңыз.
- Құрылғыдан оның суға арналған резервуарын ажыратып, шешіп алыңыз. Құрылғының суға арналған резервуарын тек таза сумен толтырыңыз, содан кейін оны құрылғының сыртқы корпусындағы өз орнына қайта орнатыңыз. Осылайша, корпусың ішіндегі орнатылған бойлер судың белгілі бір мөлшерімен толады.
- Құрылғының сыртқы бөлігінен суға арналған резервуарын қайтадан ажыратып, шешіп алыңыз, бойлердегі суды құрылғының астыңғы жағында орналасқан суды ағызып жіберуге арналған саңылау арқылы шұңғылшаға төгіп, ағызып жіберіңіз. Құрылғыны осы жолмен қақтан тазартыңыз.

- Құрылғының ішінен, яғни құрылғының суға арналған резервуарынан және бойлерден қак толығымен жойылғанша, бұл тарауындағы 2 және 3 тармағында сипатталған тазарту әрекеттерді бірнеше рет қайта орындап жалғастырыңыз.

Ескертпе: Дүкендерде ұсынылатын буландырғыштар мен үтіктер үшін қакты жоюға арналған құралдар құрылғының әрбір 50 сағат сайын қактан тиімді тазартуды орындауға мүмкіндік береді.

Өнім өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз.

Назар аударыңыздар: Құралды қактан тазарту үдерісін орындап болғаннан кейін суды ағызуға арналған саңылаудың қақпақшасын мықтап жабуды ұмытпаңыз. Бұл құрылғыны келесі жолы пайдалану барысында судың төгілмеуі үшін қажет.

Құрылғыны сақтау және тасымалдау жөніндегі ережелері


Құрылғыны сақтау жөніндегі ережелері

- Әр жолы бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғыны сақтауға алып қоймас бұрын, әркез оның суды ағызатын саңылау арқылы су резервуардағы қалған суды шұңғылшаға төгіп, ағызып жіберіңіз.
- Бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегішті тік қалпында, құрғақ, салқын жерде сақтаңыз, сақтау барысында құрылғының бу құбыршегі (бу түтігі) майыспауы қажет, құрылғының бу құбыршегін (бу түтігін) дұрыс сақтау үшін оны жақсылап тарқатыңыз.
- Электрлік құрылғылар қоршаған ауа температурасы плюс 40°C -тан аспайтын және салыстырмалы ылғалдығы 70%-дан жоғары емес, қышқылды, сондай-ақ, электрлік құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс.

Құрылғыны тасымалдау жөніндегі ережелері

Электр құрылғылардың тасымалдануы, жүк тасымалданатын нақты бір көлік түрінде әрекет ететін, жүктерді көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің барлық түріндегі құралдарымен жүзеге асырылады. Құрылғыны тасымалдау барысында түпнұсқалық зауыттық ораманы және қаптама қорабын пайдаланыңыз.

Электр құрылғыларды тасымалдау барысында оларды тікелей механикалық бүлінулерден, қызудан, оған тіке күн сәулесінің, атмосфералық жауын-шашындардың түсуінен, ылғал мен агрессиялық орталар әсер етуінен қорғау шарттары қамтамасыз етілуі керек, сондай-ақ, құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін, яғни жоғарыда аталған әсерлердің тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмау қажет.

 **Құрылғыны пайдалану барысында өрттің шығуына жол бермеу мақсатында, электр тоғы соққысы тәуекелін болдырмау үшін, пайдаланушының электр тоғымен зақымдану немесе жарақат алу қаупін болдырмау үшін, сонымен бірге құрылғының зақымдалуын болдырмау үшін осы құрылғымен жұмыс істеу кезіндегі негізгі қауіпсіздік қағидаларын және қауіпсіздік сақтау жөніндегі ережелері мен шараларын, сондай-ақ электрлік құрылғыларын пайдалануға қатысты сақтық шараларын және бұл құрылғылармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларын қатан сақтаңыз.**

ПАЙДАЛАНУҒА ЖАРАМСЫЗ ҚҰРЫЛҒЫНЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

Ескертпе: Құрылғының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін бұл электр құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға өз септігіңізді тигізесіз.

Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату барысында пайда болатын қатты тұрмыстық қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттары бойынша көзделген қолданыстағы ережелер мен нормаларға сәйкес, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мен залалсыздандыру бойынша гигиеналық талаптар» Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға 2.1.7.1322-03 сәйкес кәдеге жарату үшін міндетті түрде жиналуы тиіс.

ЕГЕР СІЗДЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ҚИЙЫНДЫҚ ТУЫНДАСА

Егер қандай да бір аздаған қиындық туындаса, оның пайда болуының себебі табылған кезде, мәселені әдетте оңай шешуге болады.

АҚАУЛАРҒА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР	АҚАУЛАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНА МҮМКІН СЕБЕПТЕРІ	АҚАУЛАРДЫ ЖОЮҒА АРНАЛҒАН МҮМКІН ШЕШІМДЕРІ
Құрылғыдан бу шықпайды.	Құрылғы іске қосылмаған шығар, тексеріңіз. Құрылғының суға арналған резервуары бос, яғни құрылғының су резервуарында су жоқ шығар, тексеріңіз.	<ul style="list-style-type: none">Құрылғының электр қоректендіру желісіне дұрыс қосылғандығына көз жеткізіңіз. Бу жіберудің қарқындылығын, яғни бу жіберудің режимдерін ауыстырып қосатын ауыстырғыш тетігін (жібекмақта-зығыр) қалпына ауыстырып, орнатыңыз. Осы сәтте құрылғы тоқ көзіне қосылып тұрғанын көрсететін қоректендіру индикаторы жануы тиіс.Бу құбыршегінің (бу түтігінің) майысып, бүгілмегеніне көз жеткізіңіз.Құрылғыны сөндіріп, оның электрмен қоректендіретін электр желілік баусымын электр желісінен ажыратыңыз да, құрылғы суығанша күте тұрыңыз, құрылғының салқындауына кем дегенде 5 минут уақыт беріңіз, содан кейін құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтырыңыз.
Құрылғыдан бу аз мөлшерде шығады.	Құрылғыны сумен жүйелі түрде жуып тазаламау салдарынан ыстық құрылғының ішкі бөліктерінде қақ пайда болды. Құрылғының суға арналған резервуары бос, яғни құрылғының су резервуарында су жоқ шығар, тексеріңіз.	<ul style="list-style-type: none">Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік үтіктегішті кем дегенде жылына бір рет немесе құрылғыны әр 50 сағат сайын пайдаланғаннан кейін қақтан тазалап тұру қажет. Егер пайдаланатын су кермек болса, құрылғыны қақтан жиі түрде тазалауыңыз қажет.Құрылғыны сөндіріп, оның электрмен қоректендіретін электр желілік баусымын электр желісінен ажыратыңыз да, құрылғы суығанша күте тұрыңыз, құрылғының салқындауына кем дегенде 5 минут уақыт беріңіз, содан кейін құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтырыңыз.
Субүріккіштегі шүмегінің саңылауынан су ағады.	Құрылғының бу құбыршегінде (бу түтігінде) конденсат жиналып қалды.	<ul style="list-style-type: none">Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік үтіктегішті көлденең қалыпта пайдалануға тыйым салынады. Бу түтігін тік, тартылған күйінде су қайта үтіктегішке қарай ақпайынша ұстап тұрыңыз.

Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік үтіктегіш баяу қызады.	Құрылғыны сумен жүйелі түрде жуып тазаламау салдарынан құрылғының ішкі бөліктерінде қақ пайда болды.	<ul style="list-style-type: none"> • Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік үтіктегішті кем дегенде жылына бір рет немесе құрылғыны әр 50 сағат сайын пайдаланғаннан кейін қақтан тазалап тұру қажет. Егер пайдаланатын су кермек болса, құрылғыны қақтан жиі түрде тазалауыңыз қажет. Егер де, пайдаланатын судың құрамында түзілген тұнбаның әкті түзілімдер болса, яғни минералдық тұздардың мөлшері тым көп болса құрылғыны қақтан жиі түрде тазалауыңыз қажет.
-----------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------



Құрылғыны пайдалану барысында өрттің шығуына жол бермеу мақсатында, электр тоғы соққысы тәуекелін болдырмау үшін, пайдаланушының электр тоғымен зақымдану немесе жарақат алу қаупін болдырмау үшін, сонымен бірге құрылғының зақымдалуын болдырмау үшін осы құрылғымен жұмыс істеу кезіндегі негізгі қауіпсіздік қағидаларын және қауіпсіздік сақтау жөніндегі ережелері мен шараларын, сондай-ақ электрлік құрылғыларын пайдалануға қатысты сақтық шараларын және бұл құрылғылармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларын қатан сақтаңыз.

Назар аударыңыз! Егер де, туындаған мәселені Сіз жоғарыда сипатталған қадамдарын қолдана отырып, өз бетіңізбен шеше алмасаңыз, тұтынушыларды қолдауға арналған Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз..

Құрылғының техникалық сипаттамалары

PGS 2020VA – POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын тұрмыстық электрлік тік күйінде бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғы

Кернеуі: 220 – 240В

Жиілігі: ~50 Гц

Қуаттылығы: 2000 Вт

Суға арналған резервуарының көлемі (сыйымдылығы) – 1600 мл.

Қорғаныс жіктелімі – I.

Ескертпе: Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашылық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады.

Сертификаттау жөніндегі ақпарат

Бұйым ТР ТС 004/2011 "Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы", ТР ТС 020/2011 "Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі", ТР ЕАЭС 037/2016 "Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы" талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.



Бұйымның есептік жарамдылық мерзімі: 3 жыл

Кепілдік мерзімі: сатып алған күннен бастап 1 жыл
Құрылғының өнделіп шығарылған күні мен жылы: құрылғының сыртында, оның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.
Тауарды өткізу ережелері белгіленген емес.

Өндіруші:

POLARIS CORPORATION LIMITED - ПОЛАРИС КОРПОРЕЙШН ЛИМИТЕД

1801 Блогі, 18/F, Джубили Сентр, 46 Глостер Роуд, Ванчай, Гонконг

Unit 1801, 18/F, Jubilee Centre, 46 Gloucester Road, Wanchai, Hong Kong

Импорттаушы:

"Континент" ЖШҚ, 115419, Мәскеу қ-сы, Орджоникидзе к-сі, 11-үй, 3-құрылым, 4-қабат, 1 ғимарат. 13-бөлме

Ресей Федерация мен Кеден Одағына мүше мемлекеттерде өндірушінің және уәкілетті өкілі:

"Поларис Инт" ЖШҚ, 105005, Ресей, Мәскеу қаласы, 2-ші Бауманская көшесі., 7-үй, 5-ші тұрғын үй құрылысы, 26-ші бөлме.

Бірыңғай анықтамалық қызметінің телефон нөмірі: 8-800-700-11-78

Кепілдік міндеттемелер

Бұйым: Тік күйінде бумен жібітіп үтіктеуге арналған вертикаль үтіктегіш

Үлгісі: PGS 2020VA

Бұл кепілдік бұйымды сатып алу фактісін растайтын күннен бастап 12 ай бойына әрекетте болады және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Кеден Одағына мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдік міндеттемесі «POLARIS» сауда таңбасымен шығарылатын және уәкілетті сатушылардан сатып алған барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан) таралады.
2. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес, оның қауіпсіздік бойынша ережелері мен талаптарын қатаң сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.
3. Бұл кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін, келесі жайттердің нәтижесінде пайда болған кемшіліктерге таралмайды, егер де:
 - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер, бөгде заттардың, сұйықтықтың, өнімдердің және құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді жәндіктердің бұйымның ішіне түсіп кетуі және олардың өмірлік белсенділігінің өнімдері бұйымның ішінде болса, яғни микроорганизмдердің, жәндіктердің тіршілік әрекеті салдарынан нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
 - Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес пайдаланғанда, оны дұрыс пайдаланбағанда, сондай-ақ, бұйымды осы Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта берілген техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;
 - Пайдаланатын судың құрамында минералдық заттардың үлесі жоғары мөлшерде болған әсерінен минералдық түзілімдер мен әк шөгінділерінің, су тастары мен қас, түзілген тұнбаның әкті түзілімнің салдарынан туындаған бүлінулер мен құрылғының сыртқы не ішкі қандай да бір өзгерістер байқалған жағдайда;
 - Бұйымды қолдануға арналмаған мақсаттарда пайдаланған жағдайда;
 - Құрылғыны қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ, құрылғының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл

түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының жабыны бүлінген жерлеінде тоттанудың салдарынан металдың бұзылуы, яғни металдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;

- Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;
- Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуін жүргізген жағдайда;
- Тасымалдау кезінде бұйымға қандай да зақым келтірілген болса, оны дұрыс емес пайдалану салдарынан туындаған ақау үшін, сондай-ақ бұйымның құрылымында қарастырылмаған модификациялау (яғни құрылғының түрін өзгерту, түрлендіру) әрекетіне байланысты, немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды.

4. Өндіруші келесі жағдайларда кепілді міндеттемелерді көтермейді, егер де бұйымның бетінде техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе оның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында берілген техникалық мәліметтер жойылған, өшіріліп кетірілген немесе түзетілген болса өндірушіні осы салдарының нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.

5. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.

Назар аударыңыз! Өндіруші тұтынушының (сатып алушының) немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе ұқыпсыз әрекеттерінің және бұйымды орнату/пайдалану шарттары мен ережелерін сақтамау салдарынан адамдарға, үй жануарларға, қоршаған ортаға немесе мүлікке POLARIS бұйымның зақымдалуынан тікелей немесе жанама себеп болатын кез келген ықтимал зиян келтірілгені үшін жауапкершілік көтермейді.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапасын тексеру, кепілдік және кепілдіктен кейінгі жөндеу жұмыстарына қатысты барлық мәселелері бойынша Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталығына немесе Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға - Уәкілетті POLARIS дилеріне хабарласыңыз.

POLARIS бұйымдарына кепілдік жөндеу жұмыстарын тек Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталықтары жүзеге асырады.

* Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтарының мекен-жайлары туралы ақпаратты Компания сайтында көре аласыз: www.polar.ru

Бұйымға кепілдік жөндеу жұмыстарын жүргізу немесе заңмен қарастырылған басқа да талаптарын орындау кезінде бұйымды сатып алған күнін растау үшін, сатып алу құжаттарыңызды сақтауыңызға өтіне сұраймыз.

Мұндай құжаттар, бұл толтырылған POLARIS кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, бұйымды сатып алу күні мен сатып алған орнын растайтын басқа да құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алған күнін растайтын құжатты ұсынбаған кезде, кепілдік мерзімі бұйымды өндіріліп шығарылған күннен бастап есептеледі.

Бұйымның өндіріліп шығарылған күні бұйымның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген, ол бұйымның артқы қабырғасында орналасқан.